

Маңғыстау облысы бойынша мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы туралы

Маңғыстау облысы Мәслихатының шешімі 2002 жылғы 12 сәуірдегі N 18/178. Маңғыстау облыстық Әділет басқармасында 2002 жылғы 3 мамырда N 894 тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Z010148_ Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы 1758 P011758_ "Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" қаулысына сәйкес облыстық мәслихат шешім етті:

1. Маңғыстау облысы бойынша мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Облыстың, қалалар мен аудандардың әкімдеріне Маңғыстау облысы бойынша мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасын орындау жөнінде тиісті шаралар алу ұсынылсын.

3. Осы шешім жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихаттың
хатшысы

Облыстық мәслихаттың
2002 жылғы 12 сәуірдегі
N 18/178 шешіммен
бекітілген

**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МҮГЕДЕКТЕРДІ
ОҢАЛТУДЫҢ 2002-2005 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН**

АЙМАҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Маңғыстау облысы бойынша мүгедектерді оңалтудың
2002-2005 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасының

ПАСПОРТЫ

Бағдарламаның атауы Маңғыстау облысы бойынша мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасы.

Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 1758 қаулысымен бекітілген "Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасы".

Бағдарламаның бастамашысы Облыстық еңбек халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері Бағдарламаның негізгі мақсаты және міндеттерді - мүгедектерді оңалту жүйесін құру олардың қоғаммен етене болуына мүмкіндіктер беру, тұрмыстағы кіріптарлықтан құтқару жағдайларын жасау, мүгедектік деңгейін азайту.

Негізгі орындаушылар Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Маңғыстау облысы бойынша Департаменті, облыстық білім басқармасы, облыстық мәдениет басқармасы, облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы, облыстық денсаулық сақтау басқармасы, облыстық туризм және спорт жөніндегі басқарма, аудандар мен қалалардың әкімдері.

Бағдарламаның негізгі іс-шаралары Бағдарлама облыста мүгедектерді медициналық, әлеуметтік, кәсіби оңалтудың ұйымдастыру шараларын алуды, оңалту мекемелерінің желілерін дамыту мен олардың материалдық-техникалық базасын нығайтуды, мүгедектерге

протез-ортопедиялық көмек көрсету және оларды оңалтудың техникалық құралдармен қамтамасыз етуді, мүгедектердің әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін кедергісіз пайдалану мүмкіндігін жасауды, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру жүйелерінде мүгедектерді оңалту мәселелерімен айналысатын қызметкерлерді даярлау мен біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды көздейді.

Бағдарламаны іске асыру мерзімі Мүгедектерді оңалтудың Аймақтық бағдарламасы 202-2005 жылдарға арналып жасалған.

Қаржыландыру көздері Аймақтық бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен, Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмайтын басқа да қаржы көздерінен жүзеге асырылады.

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер Бағдарламаны іске асыру оңалту іс-шараларының көлемін ұлғайтуға, мүгедектердің жеке мұқтаждарын ескере отырып, техникалық құралдармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, мүгедектердің тұрмыстық, қоғамдық, кәсіби қызметінде қабілетін қалпына келтіруге, конституциялық құқықтарын іске асыруға және олардың қоғаммен етене болуын жеделдетуге көмектеседі.

2. Кіріспе

Мүгедектерді әлеуметтік қолдау мен қорғауға олардың экономикалық, саяси және басқа да құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда тең мүмкіндіктерімен қамтамасыз етілуіне Қазақстан Республикасының К951000_ Конституциясында к е п і л д і к б е р і л г е н .

Мүгедектерді оналту - медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық іс-шаралар кешенінен тұратын, жазым болған ағза қызметін қалпына келтіруге, не өзін-өзі күтуге, түрлі кәсіби қаракетке бейімдеуге, сондай-ақ мүгедектердің толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік беретін әрі олардың құқықтары мен қабілет мүмкіндіктерін іске асыруын қамтамасыз ететін мүгедектерді әлеуметтік қорғаудың маңызды элементі болып табылады.

Мүгедектерді оналтудың Аймақтық бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 1758 P011758_ қаулысымен бекітілген мүгедектерді оналтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасы сәйкес әзірленді және облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайы ескеріліп жасалды.

3. Облыстағы мүгедектіктің жай-күйін талдау

Облыста барлығы түрлі санаттардағы 7952 мүгедек, оның ішінде 4357 мүгедек әйел, 16 жасқа толмаған 1010 мүгедек бала, 916 бала кезінен мүгедек тұрады. Мүгедектіктің бұдан әрі көбеюінің дені сау халық өсімінің азаюына әкеліп соқтыратын әлеуметтік қаупі бар.

Мүгедектікке алғаш ұшыраудың 1998-2001 жылдарғы көрсеткіші

Көрсеткіштер	1998жыл	1999жыл	2000жыл	2001жыл
<hr/>				
Ересек адамдар арасында алғаш рет мүгедек деп танылғандар, оның ішінде әйелдер	1108	975	974	990
	465	368	372	401
<hr/>				
Алғаш рет мүгедек деп танылған адамдардың ішінде:				
қалалық жерде тұратындар, оның ішінде еңбекке жарамды жастағылар	912	784	780	825
	776	695	703	776
<hr/>				
Ауылда тұратындар, оның ішінде еңбекке жарамды жастағылар	196	191	194	165
	165	169	177	157
<hr/>				
Алғаш рет мүгедек деп танылғандардың ішінде жұмыс істейтіндер	411	316	249	272
<hr/>				

Алғаш рет мүгедек деп танылғандардың мүгедектік топтары бойынша саны

Мүгедектік тобы	1998жыл	1999жыл	2000жыл	2001жыл
1 топ	98	79	89	74
2 топ	857	688	653	656
3 топ	153	208	233	260

Мүгедектіктің негізгі себептері:

Мүгедектік себебі	1998 жыл	1999 жыл	2000 жыл	2001 жыл
жалпы аудан	983	849	810	836
Еңбекте майып болу	12	13	26	24
кәсіби аурудан	-	-	-	1
бала кезінен мүгедек	92	94	112	112

Алғаш рет мүгедектікке ұшырау құрылымында бірінші орында қан айналымы органдары сырқатынан мүгедектік - 22,8%, екінші орында психиканың бұзылуынан - 17,1% және үшінші орында зиянды ісіктерден мүгедектік - 11,1%.

Еңбекке жарамды адамдар арасындағы мүгедектіктің көбеюіне әлеуметтік және экономикалық факторлар, жұмыссыздық, медициналық қызметтер құнының жоғарғы болуы әсер етеді.

Балалардың мүгедектікке ұшырауына итермелейтін факторлардың ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады: биологиялық- ата-анасының созылмалы, туа біткен және генетикалық ауруларының жоғарғы деңгейде болуы, перинаталдық кезеңнің патологиясы; медициналық-ұйымдастырушылық - ауруды кеш анықтау, ауруды анықтаудан бастап мүгедектік белгіленіп, оңалтудың басталуына дейінгі кезеңінің ұзақтығы; әлеуметтік орта - экологиялық жағдайдың нашарлауы, отбасының

әлеуметтік нашар жағдайы.

Көбіне мүгедек балалардың және олардың отбасыларының әлеуметтік проблемалары өткір сезіледі. Ауру сәби дүниеге келген күннен бастап отбасы оның тауқыметін тартуға мәжбүр болады. Жағдайды өзгерту үшін және мүгедек балалар мен олардың отбасыларына көмек көрсету үшін халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, ақпарат органдарының ынтымақтастығы мен күш-жігерін біріктіру қажет.

Мүгедек балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін арнайы жағдайлар қажет. Облыста Ақтау қаласындағы N 1, N 4 арнаулы кешендерінің жанында көзі нашар көретін 155 бала, есту қабілеті нашар 21 бала оқиды.

Жалпы білім беретін мектептерде оқуға мүмкіндігі жоқ мүгедек балалардың психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы бойынша тәрбие мен білімді үйлерінде алуына болады. Қазіргі кезде 124 мүгедек бала үйінде оқытылуда. Оқытуға жұмсалатын шығындарды өтеу үшін оларға тоқсан сайын жәрдемақы төленеді, оның орташа мөлшері 2002 жылдың басына 6498 теңге құрайды.

Жоғарғы және орта арнаулы оқу орындарын бітірген мүгедектердің өздерінің тұрғылықты жерінде денсаулық жағдайына сай жұмысқа тұруына мүмкіндігі бола бермейді.

Кәсіпорындар мен ұйымдарда мүгедектер үшін жаңа жұмыс орындары құрыла бермейді. Кәсіпорын әкімшіліктері еңбек рыногында еңбекке жарамды адамдар тарапынан ұсыныстар көп түсетіндіктен түрлі сылтауларды желеу етіп, жұмыс істейтін мүгедектерді қысқартады.

10 жылдан астам "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ мен "Өзенмұнайгаз" ААҚ-сын картон, тігін және мақта бұйымдарымен жабдықтаған облыстағы жалғыз мамандандырылған кәсіпорын - "Қазақ соқырлар қоғамының Ақтау оқу- өндірістік кәсіпорны" ЖШС оның өніміне мемлекеттік сатып алулар тоқтатылғандықтан қиын жағдайда қалды.

Бос орындар мүгедектерге тым сирек беріледі. Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін пайдаланылуы мүмкін болатын жұмыс орындарының жүйелі енген есебі жоқ. Осыған байланысты, ұйым қағидаттары туралы, инвестиция көздері туралы мәліметтері бар, есеп жүргізіп отыратын (жұмыс орнының болуы, сақталуы, өзгеруі, жаңаларын құру) мүгедектерге арналған жұмыс орындары банкіні құру қажет.

Мүгедектерді әлеуметтік қолдау шаралары Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" 1991 жылғы 21 маусымдағы Заңына, Z970126_ "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңына, Z990366_ "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңында басқа да заңнамалық кесімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

Мүгедектерге әлеуметтік көмек жәрдемақы түрінде, протез-ортопедиялық бұйымдарымен және аяқ киіммен, арнаулы қарпі бар баспа өнімдерімен, дыбыс күшейту аппаратурасымен және сигнализаторлармен, компенсаторлық техникалық құралдармен қамтамасыз ету түнде беріледі.

Облыстың барлық мүгедектері мүгедектігі бойынша мемлекеттік жәрдемақы алады. Жалпы аурудан, еңбек жарақатынан, кәсіби аурудан, бала жасынан мүгедектерге жәрдемақы мынадай мөлшерлерде төленеді:

I топтағы мүгедектерге-6 айлық есептік көрсеткіш, II топтағы мүгедектерге - 4 айлық есептік көрсеткіш, III топтағы мүгедектер мен мүгедек балаларға - 3 айлық есептік көрсеткіш, бұл 2002 жылдың 1 қаңтарында тиісінше 4938 теңгені, 3292 теңгені және 2469 теңгені құрады.

1999 жылғы 1 сәуірден бастап жалпы аурудан, еңбек жарақатынан, кәсіби аурудан болған I, II және III топтағы мүгедектерге, 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға, Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілген адамдарға жәрдемақылардың өзге түрлеріне қарамастан, коммуналдық қызметтерге, отын және тұрғын үйді ұстау шығындарын төлеуге арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленіп келеді.

I және II топтардағы мүгедектерге берілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері 1,4 айлық есептік көрсеткішті немесе 1152 теңге, III топтағы мүгедектерге - 0,6 айлық есептік көрсеткішті немесе 493 теңге және 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға 0,9 айлық есептік көрсеткішті немесе 740 теңге құрайды.

Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілген адамдарға 5,7 айлық 4691 теңге мөлшерінде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді.

Облыстық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету, олардың тұрмыс деңгейін арттыру мақсатында облыс әкімі арқылы төмендегідей шешімдер қабылданды:

17.08.1999ж. N 199 "Ұлы Отан соғысының ардагерлерін, Чернобыль АЭС-ғы апаттың мүгедектерін және сырттай көмекке мұқтаж жалғыздікті мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы";

03.05.2001ж. N 97 "Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына амбулаториялық емделу кезінде дәрі-дәрмек алу үшін бір жолғы материалдық көмек көрсету туралы";

27.08.2001 ж. N 12 "Азаматтардың жекелеген санаттарына бір жолғы материалдық туралы".

Облыстық мәслихаттың "2002 жылға арналған облыстық бюджет туралы" шешімімен мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсетуге қаражат қаралды.

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары жергілікті бюджет қаражаты есебінен жергілікті облыстық газеттерді тегін алады.

Облыста қарттар мен мүгедектерге арналған 120 орынды және психикалық-жүйке

ауруларына арналған 110 орынды екі интернат үйі жұмыс істейді. Жалғызділікті қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қолдау үшін үйлерге барып көмек көрсететін 11 әлеуметтік көмек бөлімшесі жұмыс істейді, олар 875 жалғызділікті қарт азаматтарға, оның ішінде 169 мүгедекке қызмет көрсетеді.

2000 жылғы облыс әкімінің шешімімен жергілікті бюджет қаражаты есебінен Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне УАЗ-469 маркалы 14 автомашина тегін бөлінді.

Гуманитарлық көмек желісі бойынша біздің облыс "Каунтерпарт Интернешнл" фирмасынан 2000 жылы 240 мүгедектер арбасын алды, бұл осындай арба алу үшін кезекте тұрған барлық мүгедектерді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. 2001 жылға 23 мүгедек медициналық көрсеткіштері бойынша, оның ішінде 11 мүгедек облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының ұсынысы бойынша аз қамтамасыз етілген азаматтарды қолдау жөніндегі облыстық қайырымдылық қорынан мүгедектер арбасын алды. Бұдан басқа Жаңаөзен қаласының әкімі жергілікті бюджеттен 150000 теңге бөлді, оған 7 мүгедектер арбасы сатып а л ы н д ы .

2001 жылы 53 мүгедек аяқ-қол буындарын протездеумен, 79 мүгедек протез-ортопедиялық аяқ киімдерімен, 112 мүгедек есту аппараттармен, 125 көзі көрмейтін мүгедектер тифлоқұралдармен қамтамасыз етілді.

"Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының мүгедектерге техникалық немесе өзге де құралдар беруге қатысты бөлігі толық көлемінде орындалмай келеді.

Оналтудың техникалық құралдары мүгедектердің жоғалтқан қарекеттерін түзеуге немесе орнын толтыруға, оның ішінде өзіне өзі қызмет көрсетуге бейімделген арнайы құралдардан тұрады (тамақ ішу үшін - асханалық аспаптарды кигізіп бекітуге арналған белбеушелер, крандар, газ және электроплиткаларына арналған тұтқалар, арнайы асханалық аспаптар және зағип адамдар үшін икемдеу құралдары); санитарлық-гигиеналық процедураларды орындау үшін (тіс мәуесегін, сабынды, жөкені , тарақты, электр ұстарасын кигізіп, бекітетін белбеушелер, тіс пастасын қысып шығаруға, су крандарын, су себізгісін ашуға, киімдерді, шұлық-ұйықтарды, аяқкиімді киіп, шешуге бейімдеу құралдары); жылдамырақ және ақырын жүруге арналған құралдардан (қолмен басқарылатын автомобиль, бөлме ішінде жүретін, серуендейтін кресло-арбалар, екі аяғы жоқ мүгедектер үшін шағын қораптар, балдақтар, таяқтар); мүгедектердің естуін түзеу және коммуникациялық қолдау құралдарынан (Брайло бойынша хат жазуға арналған машинкалар, ұлғайтқыш әйнектер, "сөйлей білетін кітап" үшін арнайы магнитофондар, домофондар; тербеткіш қоңыраулы сағаттар, арнайы диктофондар, жылжымалы жолдары бар немесе дыбысы күшейтілген телефон а п п а р а т т а р ы) т ұ р а д ы .

Мүгедектердің тұрғын үйлерге және өзге де әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне көтерілуін қамтамасыз ету жүзеге асырылмай отыр. Бұл бірінші кезекте

ғимараттарға кіре беріс пандустар мен көшелерден өтетін жерлерге қатысты.

Мүгедектер мен олардың отбасы мүшелерін өздерінің жеке проблемаларын шешуге олардың өздерін тікелей тарту жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу және бекіту мүгедектерді әлеуметтік оңалту жоспарының маңызды бағыттарының бірінен саналады.

4. Аймақтық бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Бағдарламаның негізгі мақсаты-мүгедектерді оңалту жүйесін құру, олардың қоғамда өздерін етене ұстауына мүмкіндіктер беру, тұрмыстағы кіріптарлықтан арылтуды қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау, мүгедектік деңгейін азайту.

Бағдарламаның міндеттері мыналар болып табылады:

мүгедектіктің азаюын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

әрбір мүгедекке оңалту және техникалық құралдар мен медициналық, әлеуметтік-кәсіби оңалту бойынша қызметтердің кепілді тізбесі бар жеке бағдарламалар әзірлеу және оны жүзеге асыру;

мүгедектерді кешенді оңалтуды дамыту жөніндегі оңалту мекемелерінің жүйелері мен материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша практикалық іс-шараларды қ а м т а м а с ы з е т у ;

денсаулық сақтау, білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, дене мәдениеті және спорт жүйесінде мүгедектерге арналған іс-шаралар мен түрлерін және ауқымын к е ң е й т у ;

білім беру, еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау, дене мәдениеті және спорт ұйымдарының мүгедектерді оңалту мәселелер жөніндегі жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіру және бұларда оңалту мәселелерімен айналысатын мамандары даярлауды қамтамасыз ету;

мүгедектерге хореография, музыка, әдебиет, театр, сурет, мүсіндеумен, өнердің басқа да түрлерімен айналысып, шығармашылық қабілеттерін пайдалануға мүмкіндіктер беру мақсатында кәсіби даярлықты қамтитын іс-шараларды жүзеге асыру ;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес арнаулы әлеуметтік экономикалық шараларды жүзеге асыру жолымен мүгедектерді жұмыспен қамту саласында қосымша кепілдіктермен қамтамасыз ету;

мүгедектердің кедергісіз жүріп-тұруына және әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіруіне жәрдемдесу жөнінде іс-шаралар өткізуді қамтамасыз ету.

5. Аймақтық бағдарламаны іске асыруды қаржылық қамтамасыз ету

Аймақтық бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен, Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмайтын басқа да к ө з д е р д е н ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Аймақтық бағдарламаны 2002 жылдан 2005 жылға дейін қаржыландыру үшін 344,91 млн.теңге қажет болады. Бұл жылдары қарттар мен мүгедектерге арналған

қазіргі интернат үйіне қосымша құрылыс салу, психикалық-жүйке ауруларына арналған интернат үйі ғимаратының тозуы себепті оны жаңа қонысқа орналастыру, ақыл-есі кем мүгедек балалар үшін интернат үйін ашу мәселелерін шешу үшін қосымша қаржы-қаражатының қажеттігі туындайды. Оларды қаржыландыру көздері мәселенің шешілуіне қарай қосымша көзделетін болады.

2002 жылға арналған жергілікті бюджеттің шығындары, бюджетті нақтылау ескеріле отырылып, көрсетілді және ол - 61,56 млн.теңге, 2003 жылы- 92,02 млн.теңге, 2004 жылы- 93,41 млн.теңге, 2005 жылы- 97,92 млн.теңге құрайды.

Аймақтық бағдарламаның шараларын іске асыруға қажетті қаражаттардың көлемі жергілікті бюджетте тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджетті әзірлеу және қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

6. Аймақтық бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Аймақтық бағдарламаны іске асыру оңалту іс-шараларының ауқымын ұлғайтуға, мүгедектерді жеке мұқтаждықтарын ескере отырып, техникалық құралдармен қамтамасыз етуге, мүгедектердің тұрмыстық, қоғамдық, кәсіби қызметінде қабілетін қалпына келтіруге, конституциялық құқықтарын іске асыруға және олардың қоғамда өздерін етене ұстауын жеделдетуге мүмкіндік береді.

7. Маңғыстау облысы бойынша мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасының іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

P/c N	Іс-шара	Жауапты орындаушылар мерзімі	Орындалу нысаны	Аяқталу
1	2	3	4	5

Әлеуметтік оңалту

1 Жергілікті атқарушы органдардың жанынан мүгедектер істері жөніндегі Кеңестер құру

Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы, аудандар мен қалалар әкімдері

2002 ж. Әкімияттың II тоқсаны қаулысы

2 Мүгедектерді: -техникалық құралдармен,

Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және

2002ж. Қазақстан IV тоқсаны Республи-

әртүрлі модификациядағы әлеуметтік қорғау 2003ж. қасы Еңбек
кресло-арбалармен басқармасы, облыстық 2004ж. және
қамтамасыз ету қаржы басқармасы 2005ж. халықты
әлеуметтік
қорғау ми-
нистрлігі-
не жыл
сайын 10
қаңтарға
ақпарат
беру

3 Тұрғын үй дәліздеріне, Облыстық құрылыс, тұрғын 2002-2005 Облыстық
қоғамдық және өндірістік үй және архитектура бас- жж. еңбек, ха-
ғимараттарға объектіле- қармасы, қалалар мен лықты жұ-
ріне мүгедектер арбалары аудандардың әкімдері мыспен
кіре алатындай жағдай қамту және
жасау халықты
әлеуметтік
қорғау бас-
қармасына
жыл сайын
10 қаңтарға
ақпарат
беру

4 Мүгедектерге қызмет Облыстық ішкі істер 2002-2005 Облыстық
көрсететін мекемелер басқармасы, қалалар мен жж. еңбек,
орналасқан жерлерде, аудандардың әкімдері халықты жұ-
сондай-ақ мүгедектер мыспен
болуы мүмкін, адамдар қамту және
көп жүретін жерлерде әлеу.-тік
ілеспелі дыбыс белгісі қорғау
бар арнайы бағдаршамдар, басқарма-
жол белгілері мен көр- сына жыл
сеткіштерін жасап, орнату сайын 10
шілдедегі
және 10
қаңтарға

ақпарат
беру

5 Ақтау қаласында дыбысты Ақтау қаласының әкімі 2002-2005 Облыстық құрылғылары бар, жаяу облыстық құрылыс, тұр жж. еңбек, адамдар жүретін жолдар ғын үй және архитекту- халықты салу ра басқармасы жұмыспен

қамту
және
әлеуметтік
қорғау
басқармасы
жыл сайын
10 шілдеде.
гі және 10
қаңтардағы
ақпарат
ұсыну

6 Қарттар мен мүгедектер- Облыстық еңбек, халықты 2002-2003 Ақтау ге арналған жалпы жұмыспен қамту және әлеу- жж. қаласы тұрпаттағы қазіргі меттік қорғау басқармасы, әкімінің интернат үйін кеңейту Ақтау қаласының әкімі қаулысы үшін 50 орынға жанама мен қалалық құрылыстың жобалық- мәслихаттың сметалық құжаттамасын шешімі әзірлеу

7 Жобалар әзірлеуге, Облыстық құрылыс, тұрғын 2002-2005 Облыстық сондай-ақ ғимараттар, үй және архитектура жж. еңбек, құрылыстар, жолдар, басқармасы, мәдениет халықты көлік, байланыс объек. басқармасы жұмыспен тілерін салуға мемле. қамту және кеттік тапсырыстар алынған әлеуметтік кезде, көлік және өзге қорғау қызмет түрлерін ұсынған басқарма- кезде мүгедектердің сына жыл әлеуметтік инфрақұрылымға сайын 10 кедергісіз кіруін шілдедегі

қамтамасыз ету және 10
қажеттігін конкурстық қаңтарға
құжаттама талаптарының ақпарат
бірі етіп белгілеу беру

8 Мүгедектерді, соның ішінде Облыстық білім басқармасы, Жыл Облыстық
мүгедек балаларды белсенді облыстық еңбек, халықты сайын еңбек
өмір сүруге тарту мақса- жұмыспен қамту және шаралар халықты
тында облыстық көркем- әлеуметтік қорғау жоспа. жұмыспен
өнерпаздар конкурсын, басқармасы, рына қамту және
сурет, қолөнер бұйымдары мәдениет басқармасы сәйкес әлеуметтік
көрмелерін өткізу қорғау
және шығармашылық басқа басқармасы
түрлерін ұйымдастыру жыл сайын

10 шілдеде.
гі және 10
қаңтарға
ақпарат
беру

9 Мүгедектердің шығармашылық Облыстық еңбек, халықты Жыл Облыстық
жұмыстарының, мүгедектер жұмыспен қамту және сайын еңбек,
ұйымдары өнімдерінің әлеуметтік қорғау жоспар халықты
көрме-сатуларын жүйелі басқармасы, аудандар бойынша жұмыспен
түрде өткізіп отыру мен қалалардың қамту
әкімдері және

әлеуметтік
қорғау бас
қармасына
жыл сайын
10 шілдеге
және 10
қаңтарға
ақпарат
беру

10 Аймақтық телемарафондар Облыстық ақпарат және Жыл сайын Облыстық
өткізуді қамтамасыз ету қоғамдық келісім жылына бір еңбек
оларды өткізуден түскен басқармасы рет халықты

қаражатты мүгедектерге
атаулы әлеуметтік көмек
көрсетуге жұмсау

жұмыспен
қамту және
әлеуметтік

қорғау
басқарма-
сына жыл
сайын 10
қаңтарға
ақпарат
беру

11 Ақтау қаласындағы интернат үйіндегі мен қарт адамдардың уақытын ұйымдастыруға көркемөнерпаздар ұжымдарын тарту

Облыстық мәдениет басқармасы, аудандар мен қалалардың әкімдері

Тұрақты, мерекелер атаулы күндерде қамту және

Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік

қорғау
басқарма-
сына жыл
сайын 10
шілдедегі
және 10
қаңтарға
ақпарат
беру

12 Мүгедектер арасында жарыстар өткізу үшін спорттық арбалар, спорттың қысқы түрлерін өткізу үшін спорт киімдері мен жабдықтар сатып алу

Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы, туризм және спорт жөніндегі облыстық басқармасы

2002-2005 жж. еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқарма-

Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік

сына жыл
сайын 10
қаңтарға
ақпарат

беру

13 Барлық санаттағы мүгедектер арасында аудандық, қалалық, облыстық спорт жарыстарын өткізу	Туризм және спорт жөніндегі облыстық басқарма, аудандар мен қалалардың әкімдері	Жыл сайын халықты жұмыспен қамту және	Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және
---	---	---------------------------------------	---

әлеуметтік қорғау бас қармасына жыл сайын 10 қаңтарға ақпарат беру
